

"Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандығы № 306 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 329 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 наурызда № 27306 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандығы № 306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке шоттарын жүргізу қағидаларында:

174-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"174. Салықтың, төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасы фактісі расталған кезде артық төленген соманы қайтару бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органнан алынған төлем құжаттарының деректері негізінде жүзеге асырылады.";

205-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"205. Салық тексеруі актісіне есепке жатқызылатын ҚҚС-тың бюджеттен қайтарылуға жататын есептелген салық сомасынан асып кету сомаларының анықтығын растау жөніндегі актіге қорытындыға қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамы Салық кодексінің 434-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ҚҚС асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану құқығын растиғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде, көрсетілетін қызметті берушінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамы ОБДО АЖ-да берешектің жоқ (бар) екендігі туралы құжатты есептер сальdosы бойынша есепті қалыптастырады".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Каржы министрі*

E. Жамаубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК